

с 15

А 2009
16624к

Т. С. Садықов

ТАРИХ
ТАҒЫЛЫМЫ




А 2009/16624к

Т.С. Садықов

ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ

(ҰЛТАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР МӘДЕНИЕТІ)

Қазақстан республикасы Халыққа білім беру министрлігі
жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы
ретінде ұсынған



АЛМАТЫ «АНА ТІЛІ» 1992

323(574)

ББК 66. 017

С 15

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КІТАПХАНАСЫ

№ 00202501

Садықов Т.

С 15 Тарих тағылымы: Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқу құралы.— Алматы; Ана тілі, 1992—160 бет.

ISBN 5-630-00104-3

Бұл кітапта интернационалдық тәрбие, халықтар достығы, ұлттық және ұлтаралық қатынастарды нығайту мәселелері тарихи шындықтың жаңалықтарына сай қайта құруға байланысты қоғамның барлық саласындағы революциялық өзгерістер негізінде шынайы, шындық тұрғысында көрсетіледі.

Кітап жоғары оқу орындарының оқытушыларына, студенттеріне және қызыл оқырман қауымға арналады.

С 0301050900—013

415(05)—92

030—92

ББК 66. 017

ISBN 5-630-00104-3

© Садықов Т., 1992

КІРІСПЕ

Еліміз өз тарихының ерекше жауапты кезеңіне қадам басты. Барлық салаларда — экономикалық, әлеуметтік, саяси, рухани-идеологиялық салаларда терең революциялық өзгерістер болып жатыр. Қоғамымыздың адамгершіл мазмұны мен шынайы бейнесі жаңаруда.

Сонымен бірге еліміздің іс жүзінде қайта құрудың ауыр кезеңін бастан кешіп отырғанын да ашып айтқан жөн. Қоғамдағы саяси, идеологиялық жағдай күрделі, кейде қарама-қайшы процестердің, тенденциялар мен құбылыстардың комплексімен сипатталып отыр. Ұлтаралық қатынастар саласындағы шиеленіс, халықтың жекелеген топтарында ұлттық шектеушілік көңіл-күй де айтарлықтай алаң тұғызуда. Ұлттардың жан-жақты дамуына, ұлттық сана-сезімнің тез өсуіне байланысты өмір қиын да жаңа проблемаларды алға тартуда. Ал ол ұлтаралық қатынастардағы ұлттық және интернационалдық белгілердің диалектикасын терең ұғыну негізінде аталған проблемаларды дер кезінде, шұғыл шешуді талап етеді.

Осы жағдайға байланысты қайта құру құжаттарында қоғам мүшелеріне интернационалдық тәрбие беру, халықтар достығын, ұлттық және ұлтаралық қатынастарды нығайту мәселелеріне бет бұру қажет екендігі туралы ерекше атап көрсетілуде. Жастарды Отанға, халыққа шын берілгендік, ана тіліне, ата салтына, ел тарихына сергек көңіл, сезімтал жүрекпен қарауға тәрбиелеуді қажет етеді. Еліміздің туған өлке, халықтар достығы тарихын терең білу, оны бұрмалаушыларға тойтарыс беру, көп ұлтты халқымыздың рухани байлығын игеру негізінде жас ұрпақтардың бойында жалпы адамзаттық және патриоттық сезімді қалыптастыру керек.

Қайта құру дәуірінде қоғамдық сана мен танымдағы ұғым атаулының бәрі де жаңа мазмұнмен толығып, өзгеру үстінде. Бұл — өмір заңы. Енді осы тұрғыдан келіп қазақ елінің қоғамдық ой санасында орын тепкен кейбір жалған танымдарға да қозғау түсіп, екшелене бастады. Соның бірі — Қазақстанның Россияға қосылуы, орыс отаршылдары жүргізген миссионерлік саясаттың шынайы бетпердесі.

Марксизм классиктері қоғамның үстем табы экономикада үстемдік етуімен бірге рухани өмірде де өктемдік ететінін атап көрсеткендей Россия империясында да миссионерлік саясатты, ғылым, оқу-ағарту саласының мамандарын пайдалана отырып, үстем таптың өкілдері жүргізді. Бірақ бүркемелі, нәзік те аса күрделі миссионерлік саясаттың бар болмысын танып білуде жеке басқа табыну мен тоқырау заманында шындықтың бетін бүркеп, ғылым мен әдебиет саласындағы орын алған жасанды таным мен жалған ұғымның шыр-мауынан әлі де құлан-таза арыла алмай келеміз. Осыны ашына айтып әйгілі тарихшы, академик Панкратова: «...Егер патшалық Россиядағы ұлттардың жағдайын көрсетудегі қателіктер жойылмаса, онда

осы мәселенің бәрін дұрыс шешуге болмайды. Біздің оқулықтарды және жеке-жеке халықтардың тарихы жөніндегі кітаптарда патша самодержавиясының ұлт-отарларды езушілігін әшкерелеуге тіпті назар аудармайды»,— деп үн қатуында үлкен шындық жатыр. Біздің ғалымдарымыз бен әдебиетшілеріміз де осы шындықтан алыстап кете алмады, сол теріс ұғымның шеңберінде қалды.

Мұның басты себебі елімізде жеке басқа табыну мен тоқырау жылдарында кейбір саяси-әлеуметтік мәселелердің, әсіресе Қазақстан шындығын айтып, мағынасын ашып, басты себебін танып білуге қызмет ететін «...бұқаралық ақпарат құралдары қатаң бақылауға алынды, кейбір проблемаларды жазуға тиым салынды, сынауға болмайтын аймақтар... пайда болды». Бұл, әсіресе, қазақ халқының өткендегі рухани тарихына байланысты молырақ орын алғанын, «ұлтшыл» деп таңбаланған ақын-жазушылар тағдырынан айқын көрінеді. Мысалы осы іспеттес мәселелерді айтуға тиым салынған, тіпті ауызға алып сынауға болмайтын салаларының бірі — патша үкіметінің отарланған елдердегі бұратана халықтарды орыстандыру саясатына байланысты проблемалар болатын-ды.

Бұл мәселе өте күрделі, құпия сырлары мол саяси идеологиялық астарлы проблемаларды қамтуы себепті ғалымдар тарапынан терең зерттеуге ие бола алмады. Осы тақырыпты ғылыми тұрғыдан пайымдауға талпыныс жасаған Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, С. Асфендияров т. б. сталиндік репрессияның қанды шеңгеліне алғашқылардың бірі болып ілікті. XX ғасыр басында-ақ көркем әдебиетте аталған тақырыпқа қалам тарта бастаған А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытовтар да репрессия құрбаны болып, аттарын атауға тиым салынды. Ол ол ма, революцияға дейін орыс-қазақ қатынастарының көлеңкелі тұстарына қалам тартқандар да ескішілдіктің көрінісі ретінде бағаланды. Ал олардан кейінгі буын болып саналатын ақын-жазушы шығармаларында бұл мәселе сөз етілмеді десе де болғандай. Бірлі жарымды, шет жағалап сөз етіле қалған тұстың өзінде, алмағайып тағдырға ұшыраудан сескеніп, ат үсті жанама дерек ретінде жәй ғана сипай қамшылап айтылып отырған ерекшелікті көреміз. Мұның бәрі өткен тарихымызға бүгінгі күннің биігінен баға беретін мезгілдің жеткендігін тағы бір қырынан дәлелдесе керек.

Бұрын айтылуға, жазылуға тиым салынып келген тақырыптардың ашылуы қазақ тарихшыларының алдына жаңа міндеттер жүктеп, ата тарихын ақтаңдақтардан арылтуға мол мүмкіндіктер туғызды.

Сан ғасырлық шежіресі бар қазақ халқының тарихын бетбұрыс биігінен саралайтын болсақ, оның ақтаңдақтардан аяқ алып жүргісіз екенін аңғаруға болады. Бүгінгі ұрпақ ақиқат шындықты білгісі келеді. Біз осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында орыс-қазақ байланыстарын жаңа көзқарас тұрғысынан пайымдауды, ұлтаралық қатынастар мәселесінің тарихи сабақтастықтары проблемаларына тарих ғылымының бүгінгі жетістіктері биігінен саралауды мақсат еттік.

І т а р а у

ТАРИХИ ТАМЫРЛАР

Елімізді мекендейтін халықтардың әрқайсысының өз тарихы, салт-санасы мен дәстүрлері, бастан кешкен өткендері мен үміт артар бүгіндері бар. Сонымен бірге олардың тарихында халықтарды өздерінің әлеуметтік және ұлт азаттығы жолында күресте топтастырған көптеген жайлар да жеткілікті.

Халықтар достығының қайнар-көздерін ашып көрсету үшін Отанымыздың революцияға дейінгі тарихына, әрбір халықтың өткен жолына қайта оралу қажет. Мәселен қазақ халқы бағзы кездерден-ақ орыс халқымен тең дәрежеде Одақ құруға ұмтылып келген. Бұл ұмтылыс оның түбірлі, өмірлік мүдделерінен туындап, мұны қазақ халқының тұрмысының нақты тарихи жағдайы алға тартқан еді.

Қазақстанның Россияға қосылуы мәселесін ескі сүрлеудің ізімен, таптаурын болған ескі концепцияның жетегімен қарастыруға болмайды. Бұл қиын да күрделі процесс бірнеше кезеңдерден тұрады.

Россияға қосылу қарсаңында экономикалық, саяси байланыстары мүлдем әлсіз жекелеген феодалдық иеліктерге жіктелген қазақ өлкесінде билік үшін күрес бір тынбады. Осындай қырқысулар қазақ хандықтарының қорғаныс қабілетін әлсіретіп сыртқы басқыншылыққа жол ашты. Оның үстіне көшпелі ойраттардың, жоңғарлардың шапқыншылығына жиі тап болып отырды. Міне, сол бір қиын кезеңде қазақ халқының Россия құрамына қосылу жөнінде мәселе көтерілді. Бұған, ең алдымен, Россия мүдделі болды. «Қазақ даласы Россияны шығыс мемлекеттермен жалғастыратын көпір іспетті болған еді. Қазақ даласы арқылы Европа елдерінен Шығысқа және одан кері қарай құрылықтағы ең төте және судағы ежелгі сауда жолдары өтетін еді. Жоңғариямен, ал оның құлауынан кейін Қытаймен де, сондай-

ақ Үндістанмен, Ауғаныстанмен, Персиямен іргелес Қазақстанның бұл мемлекеттермен көптен бері экономикалық және саяси байланыстар орнатуға ұмтылып келген Орыс мемлекеті үшін зор маңызы болды¹. Россияға қосылуға деген мүдделік Қазақстан тарапынан да туындады. Қазақстанның Россияға қосылу қажеттігін сыртқы жағдайлар ғана емес, сонымен бірге ішкі себептер де алға тартты. Сол кезде өлкенің экономикасы мүлдем төмен дәрежеде болып, - оның негізін шаруашылық жүргізудің артта қалған формасы — экстенсивті көшпелі мал шаруашылығы құрады. Екіншілікпен айналысу тіпті мардымсыз еді. Ұлан байтақ өлкенің өндіргіш күштерін дамытуды ілгерілету Россияға қосылу арқылы ғана мүмкін болатын. Қазақстанның Россияға қосылуы бір күнде, не бір жылда аяқталған жоқ. Оның тарихында төрт кезең айқын көзге түседі. «Бірінші кезең XV ғасырдың 70-жылдарынан басталып XVI ғасырдың соңына дейінгі уақытты қамтиды. Бұл уақытта орыс патшаларының шығыстағы мемлекеттер, соның ішінде қазақ елі жөніндегі саяси дипломатиялық және сауда экономикалық байланыстар орнатуға деген ынта-ықыласқа негізделген болатын. Екінші кезең XVII ғасырдың басынан XVIII ғасырдың 30-жылдарына дейін созылады: бұл кезең тек дипломатиялық және сауда, экономикалық қана емес, әскери саяси байланыстарды нығайтуға деген ниғылмен сипатталады, XVIII ғасырдың 30-жылдарынан бастап XIX ғасырдың 60-жылдарына дейінгі уақытты қамтитын үшінші кезеңде Қазақ жерлерін Россияға қосудың аса күрделі процесі өтті, ал XIX ғасырдың 60-жылдарынан Ұлы Қазан социалистік революциясына дейінгі төртінші кезеңнің басты сипаты Россия капитализмінің Қазақ ауылына кең таралуымен патриархаттық феодалдық қатынастардың қирай бастауы болды»².

Қазақстан мен Россия арасындағы қатынастардың ірге тасының қалана басталуының алғашқы кезеңін кейбір авторларымыз Киев Русінің тарихымен байланыстырады. VI-VIII ғасырлардың өзінде славян тайпалары Орта Азия мен қазіргі Қазақстан жерінде қоныстанған елдермен әртүрлі қатынастарды іске асырып отырды. Қарахандықтар мемлекетінің X ғасырдың екінші жар-

¹ Қазақ ССР тарихы. А., 1982, 26-бет.

² Б а с и н В. Я. Ұлы достықтың тарихи тамырлары. «Социалистік Қазақстан», 10 маусым, 1982.

тысында өзінің билігін Жетісу, Оңтүстік Қазақстан және Орта Азия территорияларына жайғаны мәлім. Қарахандықтар Русьпен, Византиямен, Иранмен қызу сауда жүргізген. Каспий теңізі арқылы өтетін теңіз жолы Қарахандарды кавказдықтармен және төменгі Волга бойындағылармен байланыстырған. Құрылықтағы керуен жолдары Қазақстан даласын Шығыс және Батыс Еуропамен, Алдыңғы және Кіші Азиямен, Қиыр Шығыспен қосқан. Қазақстан қалалары арқылы сауда керуен жолдарының өтуі олардың дамуында маңызды роль атқарды. Иран мен Византиядан Қытайға баратын Ұлы жібек жолы Жетісу арқылы өтті.

Орыс халқы мен қазақ халқының байланысының тарихына қатысты ғылыми еңбектер бар. Алайда бұл салада күні кешеге дейін шетел тілдерінде жазылған еңбектер мұқият назарға алынбай келді. Осындай еңбектердің қатарына Юджин Скайлердің 1876 жылы Нью-Йорк пен Лондонда қатар жарық көрген «Түркістан» деп аталатын екі томдық кітабы жатады. Қазақ жері мен оның тұрғындары туралы ең алғашқы американдық еңбектердің бірі бола отырып, онда орыс халқы мен қазақ халқы тарихының өзара сабақтастығы, қазақ жерінің жат жұрттықтармен қоғамдық байланысының алғашқы нышан беруі туралы объективті-деректері кімді де болса қызықтырғандай.

Ең алдымен әрине, «Түркістан» кітабының авторы туралы бірер ауыз айта кеткен жөн болар. Юджин Скайлер (1840—1890) Американың қоғам қайраткері әрі ғалымы. Ол 1867—1869 жылдарда АҚШ-тың Москвадағы консулы, 1869—1875 жылдарда Санкт-Петербургте американдық миссиясының секретары болды, мемлекеттер арасындағы түрлі қарым-қатынастарды қалыптастырып, нығайтуға көп еңбек сіңірді. Орыс тілінің жалынды насихатшысы болған ол И. С. Тургеневтің, Л. Н. Толстойдың шығармаларын ағылшын тіліне аударды, «Түркістан», «Бірінші Петр», «Американдық дипломатиясы және сауданың өрістеуі» сияқты ғылыми еңбектер жазды.

Жан-жақты білімді американдық ғалымы Россияда ұзақ жылдар тұрғандықтан орыс тілі мен әдебиетін өте жетік білді, елдің қоғамдық-саяси өмірі мен мәдениетін қызыға зерттеді. Орыс география қоғамының мәжілістерінде әлденеше рет баяндамалар жасағандықтан ол осы қоғамның мүшесі болып сайланды.

Ю. Скайлер Қазақстан мен Орта Азия территориясында ұзақ уақыт сапарда болды. «Менің Азияға бұл

саяхатымның басты мақсаты Россияға таяуда қосылған аудандардағы саяси және әлеуметтік жағдайды зерттеу, сонымен бірге орыс үкіметінің қол астындағылар мен хандардың билігі ықпалында қалған адамдардың өмірін салыстыру болды» деп жазды ол кейін.

Ғалымның дала көшпенділері туралы алғашқы түсінігінің қалыптасуына В. В. Григорьев, И. И. Захаров, В. В. Радлов сияқты орыс ориенталистерінің еңбектері әсер еткені сөзсіз. Алайда кітаптың негізіне автордың жеке басының алған әсері мен жол-жөнекей жинаған деректері негіз болған.

Ю. Скайлер қасына «Нью-Йорк геральд» газетінің тілшісі Дж. Мах-Гаханды серік етіп 1873 жылы 23 наурызда Москвадан шығады да Саратов пен Оралды басып өтіп, қазақ даласы арқылы Түркістанға сапар шегеді. Шымкент, Ташкент, Самарқанд, Ходжент, Қоқан, Бұқараны көреді, Ыстық көлге барады, Жетісуды аралап Құлжаға да жетеді. Кітапта қазақ жері жөнінде өте дәйекті әңгімелер бар. Оған арналған ең үлкен тараудың бірі «Дала» деп аталады.

Американ ғалымын ең алдымен қызықтырған нәрсе «қазақ» этнонимі болған. Оның «қазақ» және «қырғыз» сөздерінің этимологиясына қатысты пікірлері Ю. Скайлердің қазақ халқының тарихынан аса мол мағлұматы бар екенін дәлелдейді. Американдық шығыстанушылар ішінде ол ең алғашқылардың бірі болып әртүрлі екі халық — қазақтар мен қырғыздар туралы негізді тұжырым-тезис ұсынады. Яғни іс жүзінде қырғыздар мен қазақтардың екі бөлек халық екенін айқындап береді. «Орыс тілінде қолданылып келген «қырғыз-қайсақ» сөзі қазақтарға қатысты алғанда мағынасыз, әрі қате» дейді ол.

Қазақтарға арналған тарауында автор қазақ халқы тарихының ең маңызды тұстарына, яғни этногенез мәселелеріне, қазақ хандығының құрылуына, Қазақстанның Россияға қосылуына мұқият назар аударады. Қазақ халқының пайда болуы туралы концепциясында Ю. Скайлер орыс шығыстанушыларының еңбектеріне арқа сүйейді.

Американ ғалымы Қазақстанның Россияға қосылуының тарихи алғы шарттарына егжей-тегжейлі тоқталады. Онда қазақ халқының басына төнген апатты жағдайлар мен қиыншылықтар, XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың басында олардың өздерінің өмір-тіршілігі үшін жүргізген күрестері тарихи ақиқаттылықпен

жеткізілген. Қазақстанның Россияға қосылуы себебін талдай келіп: «XVIII ғасырдың басында қырғыздар (қазақтар), — дейді ол, — солтүстік-батыстан қалмақтардың, солтүстіктен — сібір қазақтарының, шығыстан — жоңғар феодалдарының шапқыншылығына ұшырады да өте-мөте ауыр жағдайда қалды»¹, — деп жазады ол «Түркістан» атты еңбегінде. Ю. Скайлер өзінің пікірін қалыптасқан сыртқы саяси жағдайда қазақ халқы үшін орыс мемлекетінің қол астына қабылдау жөнінде өтініш ету ең ұтымды да көреген жол болды деп түйеді. Өйткені мұндай қадам ең алдымен Жоңғария тарапынан төніп тұрған сыртқы қауіпті жоятын. Автор бұл орайда Әбілқайыр ханның, А. И. Тевкелевтің атқарған рольдеріне лайықты баға береді.

Кітапта америкалық дипломаты патша үкіметінің қырда жүргізген саясатының көлеңкелі жақтарын да сынап кетеді. Өлкедегі әкімшілік құрылымды сараптай келіп, ол 1824 жылғы хандық билікті жою жөніндегі реформа жергілікті халықтың өмірі мен тұрмыс-тіршілігіндегі ерекшеліктер ескерілмегендіктен олардың жағдайын жақсартқан жоқ деп түйеді. Соған қарамастан ғалым Қазақстанның Россияға қосылуының прогрессивті мәнін дұрыс аңғарған. «Орыстар шындығында олардың қорғаншысы болды»², — дейді ол.

Ары қарай кітапта Қазақстанның Россияға қосылуы тек қауіпсіздік тұрғысынан ғана емес халыққа экономикалық тұрғыдан да игі әсері болғаны, сауданың дами бастағаны көрсетіледі. Орынбордың, Петропавловскінің, Троицкінің ақша айналымы жүргізілетін орындарында 1869 жылғы деректер бойынша миллиондаған сом болғандығы көрсетіледі.

Кітаптың «Қиіз үй», «Өмір салты және дін», «Қырғыздар (қазақтар) мінезінің сипаттамасы» деген тарауларында этнографиялық, географиялық, әдеби, тұрмыстық деректер мол келтірілген. Жергілікті халық өмірінің неғұрлым маңызды тұстарына талдау жасай келіп ол қазақтардың басты шаруасы көшпелі мал шаруашылығына байланысты екенін хабарлайды. Олардың табиғи төзімділігіне, қайырымдылығына, елгезектігі мен нағыштығына, ақкөңілділігі мен байқампаздығына, өнер сүйгіштігіне жоғары баға береді. Үлкендерді сыйлау мен қонақжайлылығына айырықша таң қалады. Жақсы қа-

¹ Скайлер Ю. Туркестан.— М., 1876, стр. 69.

² Там же, стр. 72.

сиеттеріне баға берумен бірге ол қазақтардың үстірт жеңілтектігін, бөтен біреулердің ықпалына тез түскіштігін айтады.

Діни фанатизмнен аулақтығы, қазақтардың орыс халқына үлкен достық пейілмен қарайтыны да кітапта лайықты бағаланған. Кезінде үлкен құндылыққа ие болған бұл шығарма өзінің тарихи маңызын қазір де жойған жоқ. Ол әлі де халықтар достығына, мемлекеттер арасындағы бейбітшілік ісіне қызмет ете алады.

Қазақ хандықтарының құрылуы қазақ халқының қалыптасу процесінің аяқталуына көмектесті. Алғашқы қазақ хандығының территориясында түркі тілінде сөйлейтін халықтар тұрды. Олардың тұрмыс салтында тайпалық айырмашылықтар болған жоқ.

Қазақ хандықтарының құрылуы феодалдық қатынастардың одан әрі дамуында, шаруалардың феодалдарға қарсы жүргізген күресінің шиеленісуіне байланысты болды. Халықтың бас көтерулерін басу және өз үстемдігін нығайту үшін феодалдар күшті мемлекеттік өкімет құруға мұқтаж болды.

Жәнібек пен Керей хан және олардың балалары Бұрындық (1480—1511) пен Қасым (1511—1520) өз ықпалын Жетісуға ғана емес, Орталық және Оңтүстік Қазақстанға да жүргізді.

Қасым хан тұсында, қазақ хандықтарының гүлдеген дәуірінде Россияның Қазақстанмен дипломатиялық қатынасы жөнге келтірілді. Ол кезде орыстар қазақтарды соғыс құмар Бұхар билеушілері мен Сібір хандықтарының шабуылынан қаһармандықпен қорғанған батыр сахара халқы деп білген.

Сол кездің өзінде-ақ Қазақстан Шығыстан Россияға және керісінше, товар тасып өткізетін базаға айналған болатын. XIV ғасырдың орта кезінде желкенді кемелер Астрахань мен Маңғыстаудағы Қарағай айлағына жыл сайын екі рет келіп-кететін болған. Сондай-ақ орыс кемелерінің керуендері Ертістің жоғары жағына да барып жүрген. Құрылықтағы сауда керуен жолдары Қазақстан арқылы Жайық өзенінің жағасынан бастап, Арал өңірі мен Қызылқұм арқылы Бұхараға қатынап тұрған. Сібірге баратын жолы Түркістан қаласын басып, Сарысу, Есіл, Ертіс өзендері арқылы өткен.

Орыс көпестері қазақтарды астықпен, матамен, киім-кешекпен және темір мен ағаштан жасалған бұйымдармен жабдықтап тұрған. Орта Азия көпестері жібектен тоқылған мата, кептірілген жеміс және қару-жарақ

әкеліп сатқан. Сауда Қазақстанның экономикалық байланысын күшейтіп, соғыс қақтығыстарының қаупін азайтқан.

Қасым хан өлгеннен кейін, Қазақстанда ел билеушілер арасында тартыс, бүлік күшейіп, қазақтар өз көршілерінен жеңіліп қала берді. Алайда қазақтар бұл жағдайға төзіп отыра алмады. Олар өздерінің тәуелсіздігі үшін күресті. Қазақтардың бұл күресін Қасым ханның баласы — Хакназар басқарды.

Хакназар тұсында қазақтар Жайық пен Еділ аралығында көшіп-қонып жүрген Ноғай ордасына және Сібірдегі Көшім хандығына елеулі қауіп туғызды. Хакназар сонымен қатар Россиямен дос болып, оны өзінің жауларына қарсы күресте пайдалануға тырысты.

XVI ғасырдың орта шеніне орыс әскерлері Қазанды басып алғаннан кейін және оларға Астрахань қарсылықсыз берілгеннен кейін Қазақстан Россиямен белсенді дипломатиялық қатынастар жасай бастады. Алайда екі елдің арасындағы экономикалық және саяси қатынастардың ұлғаюына Сібірдің Көшім бастаған хандығы бөгет жасады. XVI ғасырдың 70-жылдарында Сібір хандығының Россиямен қайшылығы әбден асқынып кетті. Сонымен күресу үшін орыс үкіметі өзіне одақтастар іздестіре бастады. Қазақстан оған дәл осындай одақтас бола алатын еді.

С. У. Ремезов құрастырған «Үлкен Сызба Кітабы» бұл кезде Россияның шығыстағы көршілеріне орыстардың зор көңіл бөле бастағанын көрсетеді. Бұл картада және оған берілген қосалқы суреттемеде Қазақстан мен Орта Азия түсірілген, онда елді қоныстар, табиғат байлықтары, тұрғын халық жайында мағлұматтар келтірілген.

Сондықтан Сібір хандығына қарсы соғыс одағын жасау үшін Иван Грозный Хакназар ханға 1573 жылы елші Т. Чебуковты жіберді. Бірақ жолда келе жатқан кезде патша елшісін Көшім ханның жиені өлтіріп кетеді. Сөйтіп келіссөз жүргізілмей қалғанына қарамастан Сібір хандығын жаулап алған кезде Хакназар Россияны қолдады.

XVI ғасырдың 90-жылдарында қазақ ханы Тәуекел Бұхар және Сібір хандықтарымен соғыс жүргізді. Сол кезде әскери көмек сұрап, ол өзінің елшісі Құлмұхамедті Москваға жіберді. Сонымен бірге Құлмұхамед қазақтарды Россияның қол астына алу туралы да патшамен келіссөз жүргізді. Бұл мәселені талқылау үшін

патша Феодор Иванович 1595 жылы Тәуекел ханға Вельямин Степанов бастаған елшілік жіберді. Көп қиыншылықты басынан кешіріп, Степанов бастаған елшілер қазақ даласына келеді. Мұнда оған үлкен сый-құрмет көрсетіледі. Степанов екі ай бойы қазақ даласындағы жағдаймен, қазақ халқының тұрмыс-салтымен, әдет-ғұрыптарымен жете танысады. Степанов бастаған орыс елшілігі Россия мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынастарды нығайту ісіне көмектесті.

Батыс Сібірдің Россияға қосылуы қазақ орыс байланыстарының әрі қарай дамуына қолайлы жағдай жасады. Осы байланысты нығайту мақсатымен орыс үкіметі 1594 жылы Тара өзенінің бойында Тара қаласын салды. Мұның өзі қазақ даласын орыс бекіністерімен құрсаулаудың басталуы болатын.

XVII ғасырда Россия орталықты мемлекет ретінде қалыптасып болған еді. Бұл кезде Орыс мемлекетінің шығыстағы шекарасы едәуір ұлғайып, Қазақстанмен байланысы нығая түскен.

XVII ғасырдың басында Солтүстік және Батыс Қазақстан аудандарында ойрат тайпалары (Батыс Монғолиядан шыққандар) баса-көктөп енді. Олар Россияда Орта Азияға баратын сауда жолдарын басып алды. Федор Иванович патша керуен жолдарын қауіпсіздендіру үшін шаралар қолданды. Ол, Тобыл воеводасына ойраттарға қарсы күш қосып, бірігіп күресу жөнінде Абылай ханмен келіссөз жүргізуді ұсынды.

Орыс үкіметі мен қазақ хандарының арасында сауданы кеңейту жөнінде келіссөз жүргізіліп жатты. Мысалы, 1694 жылғы қазан айында Тәуке хан I Петрмен елші Т. Аталыков арқылы Россиямен достық қатынасты нығайтып, сауда байланысын күшейтпекші болып келісті. I Петр Орта Азия, Иран, Үндістан және Қытаймен сауданы дамыту ісінде Қазақстанның маңызы бар екендігін жақсы түсінді. I Петр Россияның Шығыста сауданы өрістету ісінде Қазақстан кілт және қақпа болып табылады деп көрсетті. I Петр тұсында Қазақстанға А. Неприпасов, В. Кобяков, Ф. Скибин және М. Трошин бастаған елшілер келіп кетті.

Бұл кезде Россия Қазақстанға көп назар аударды. Қазақ жерін зерттеу жұмысы басталды. Жайық өзенінің арғы беті, Каспий мен Арал теңізінің аралықтары зерттелді. Сібірден Ямышево көліне баратын жол игерілді. Мұнда тұз өндіретін Қазақстанға тақау жерлерге шекаралар тартылды. Әдетте ол Жайық, Ертіс және

басқа да ірі өзендердің бойына салынды. Бұл шекара-лар қамал мен бекеттерден құрылды. Үлкен қамалдар тастан немесе қыш кірпіштермен салынды. Бұл қамал-дардың айналасына биіктетілген дуал жасалды немесе балшықпен салынған ағаш шыбықтармен қоршалды. Форпост пен бекеттер — әдетте шағын құрылыс, онда күзетші отыратын мұнара, маяк (биік мұнара) — мая-лап үйген шөп тұрған. Жау жақындап келіп қалса, осы шөпті өртеп, белгі берген.

1716 жылы Омбы бекінісі, кейініректе Семей, Өске-мен және басқа бекіністер салынды. Бұлар көп ұзамай өлкедегі әскери, экономикалық орталыққа айналды. Осы қалалар арқылы Россия Қазақстанмен және Орта Азия-мен сауда жүргізді. Қазақтар орыстардан шойын, темір және мыстан жасалған қазан, балта, шот, шалғы, орақ, шелек, қайшы, шеге сатып алып отырды. Орынбор айыр-бас сарайы, Қоянды және Ірбіт жәрменкесі ірі сауда орталығы болды.

XVIII ғасырдың басында Қазақстанның Россияға қосылу процесі жеделдей түсті. XV-XVII ғасырларда қазақ және орыс халықтарының арасында жасалған тығыз қарым-қатынас бұл процестің басы болды.

XVII ғасырда қазақтардың көшпелі қоныстары шы-ғыста — Алтай мен Ертіс алабын, оңтүстікте — Шу мен Талас аңғарын, Шымкент өңірін, батыста Еділ мен Жа-йық алабын, солтүстікте Құлынды жазығына дейінгі өңірді қамтыды. Көшпелілер қоныстарының шекарасы тұрақты емес еді. Оған сыртқы саяси жағдайлар, сон-дай-ақ үнемі болып тұратын феодалдық қырқыстар се-бепкер болды. Мұның өзі көшпелілердің Орта Азиядағы отырықшы егіншілік аудандарымен шаруашылық және мәдени байланыстарын бұзып, халық күшін әлсіретті. Сырдария өзені бойындағы қалалар әлсіреді. Қазақстан арқылы сауда керуендері аз өтетін болды.

Дәл осындай кезде жоңғар феодалдары қазақ хал-қын құлдыққа түсірмекші болып әрекет жасады. XVII ғасырдың 30-жылдарында Батыс Монғолияда жоңғар-лардың әскери-феодалдық мемлекеті құрылған болатын. Мемлекетті қонтайшы басқарды. Оның халқы да көш-пелі мал шаруашылығымен айналысып келген еді. Жоң-ғария әскери күші жағынан мықты мемлекет болды. Жорықтар кезінде оның әскері 100 мыңға дейін жетті.

Жоңғар феодалдарының Қазақстанға баса-көктеп кіруі XVII ғасырдың 40-жылдарында Жетісу арқылы басталды. Сол кезден бастап қазақ халқы жоңғар бас-

қыншыларына қарсы 100 жылдан астам уақыт асқан ерлікпен күрес жүргізді. XVII ғасырдың 80-жылдарында жоңғар әскерлері Сырдария өзенінің ауданына баса-көктеп кірді де, сондағы бірқатар қалаларды басып алды. Сайрам мен Түркістан қалаларынан айрылған қазақтар қолөнершілік-сауда орталықтарынан қол үзіп қалды.

Ондаған мың қазақтар өздерінің туып-өскен жерлерін тастап, шұбырып Орта Азияға босып кетуге мәжбүр болды. Онда да бос жатқан қолайлы жайылым таба алмай, Бұхар және Хиуа феодалдарымен қақтығысып қалып қазақтар ежелгі қоныстары Ембі, Жайық (Орал), Елек өзендерінің бойына көшіп кетті.

Қазақтың ғалым-ағартушысы Шоқан Уәлихановтың айтуынша жоңғар шапқыншылығының кезеңі — қазақ халқының өміріндегі «жан түршігерлік кезең» болды: «Барлық жерде жауыз жоңғарлардың қуғынына түскен қазақтар үріккен киіктерше... оңтүстікке босты. Қашып келе жатқан жолдарында өздерінің дүние-мүліктерін, балаларын, шал-кемпірлерін, үй-құралдарын, арық-тұрақ малдарын қалдырып, ақырында: Орта жүз Самарқанд маңына, Кіші жүз — Хиуа мен Бұхар жағына барып тоқтады... Олар Орта Азия далаларынан жайылым таба алмай және жаңа көршілерімен қастасып, қуатты Россияның шекарасына бет бұрды. Одан өзіне көмек, қамқорлық табамыз деп үміттенді»¹, — деді.

Өзінің туған жерін қорғаған қазақ халқы жоңғар басқыншыларына қарсы табанды күрес жүргізді. Бұл халықтың өз бостандығы мен тәуелсіздігі үшін жауға қарсы жүргізген әділетті соғысы болды. Халық өзінің ерлігінің нәтижесінде жоңғарларды әлденеше рет жеңіп шықты. Осындай қилы кезеңде көп әскерлермен аттанған Цеван Рабтан Сарысу өзеніне дейін жетіп, Орта жүздің солтүстік шығыс аймағына басып кірді. Сөйтіп қазақ халқының тәуелсіздігіне сұрапыл қауіп төнді. 1710 жылы Қарақұм маңында үш жүз өкілдері бас қосқан мәжіліс өткізілді. Онда жауға қарсы бірлесіп тойтарыс беру мәселесі қаралды. Бұл жиында қабылданған шешім бойынша Бөгенбай және Қабанбай батырлардың және басқалардың бастауымен жер-жерден ерікті жасақтар құрылды. 1713 жылғы кескілескен ұрыстарда жоңғар әскері ығыстырылып қуып тасталды. Осыған қарамастан Жоңғар хандығы жана күш жинап, 1716 жы-

¹ Уәлиханов Ш. Ш. Шығармалар жинағы, I-том, 123-бет.

лы қайтадан шабуылға шықты. Іле өзені арқылы Аягөзге жетті, ал 1718 жылы Бие және Қатон өзендері аралығын басып алды. Іле шала Арыс өзенінің бойындағы қазақ жасақшылары тағы жеңіліске ұшырады. 1723 жылы Қаратауды өрлей отырып, Талас алқабына басып кірді. Ал 1724—1725 жылдары Ташкентті, Түркістанды басып алды, сәулетті қалалар талқандалып, егістік алқаптар тып-типыл болды. Орыс ғалымы А. И. Левшиннің айтуынша қайғылы кезеңде қазақтар: «Ата — қоныс жерін, малдарын алдырып, халық босып көшті. Тұрақтарлық жер болмай жас балалар, қарттар апатқа ұшырады»¹. Сөйтіп бұл жылдар халық тарихында «Ақтабан шұбырынды» атанып кетті. Бірақ қазақ халқы тізе бүкпеді, алдағы ұрысқа дайындалды. Барлық жерде халық жасақтары құрылып, оның басшылары тағайындалды. Халық күресін ұйымдастыру ісінде жұртшылыққа мәлім Бөгенбай, Қабанбай, Тайлақ және Саурық батырлар қажырлы күш көрсетті. Ерікті халық жасақшылары 1728 жылы Бұланты өзені бойында, ал 1729 жылы Балқаш көлі маңында болған ұрыстарда жоңғар әскерін ауыр қырғынға ұшыратты. Бұл жер кейін «қалмақ қырылған» атанып кетті. Дегенмен жоңғар әскерінің күші әлі де басым еді. Оның қайтадан шабуыл жасау қаупі жойылмады. Сондықтан халық Россияға қосылғанда ғана жоңғар шапқыншылығынан құтылып тыныштық орнайтынын анық сезді. Өз тарапынан Россия да қазақ жеріне көз тігуде болатын, өйткені оның қазақ даласындағы позициясын қамтамасыз ету шығыста Жоңғарияға ал, ол құлаған соң Цин империясына қарсы тұруға, Англияның Орта Азияға кіруіне кедергі жасауға, сондай-ақ түрік — парсы қаупіне қарсы тұруға мүмкіндік беретін еді. Оның үстіне Қазақстандағы Россия саясатының сипаты мен бағыт-бағдары Азия рыноктарына қазақ даласы арқылы өтетін оңтайлы сауда жолдарын салу мақсатында да қажетті болды. Сөйтіп жақындасудың екі жақты өзара пайдалы процесі айқындала бастады.

XVIII ғасырдың 30-жылдарының аяғында қазақтардың жағдайы өте ауыр болды. Батыста және солтүстікте көшпелі қазақтардың қоныстары орыс шекарасына тірелді. Оңтүстіктен Иран шахы Нәдір, ал шығыстан жоңғарлар тарапынан шапқыншылық қаупі күшейді. Хиуа феодалдарының қысымымен қазақтар Әмудариядағы

¹ Левшин А. И., Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. СПб, 1532, стр. 70.

қонысын тастап, солтүстікке қарай, Сырдария жаққа көшіп кетуге мәжбүр болды.

XVIII ғасырдың басынан бастап орыс-қазақ қарым-қатынастары күшейе түсті. Елшілер алмасу және экспедициялар ұйымдастыру — Қазақстан мен Россияның арасындағы дипломатиялық байланыстың дами түсуіне көмектесті. Сонымен қатар өзара товар алмасу да күшейе түсті.

1716 жылғы қыркүйекте Қайып хан елшілігінің Тобылға, Сібір губернаторы М. П. Гагаринге жіберілуі үлкен оқиға болды. Хан жоңғарларға қарсы бірлесіп күресу және сауда қатынасын күшейту үшін Россиямен әскери одақ құру жөнінде ұсыныс жасады. Осыған жауап ретінде қазақ даласының өмірімен, халықтың тұрмысымен, мәдениетімен танысу үшін Қазақстанға орыс елшілігі жіберілді.

Жоңғарлардың Қазақстанға баса-көктеп кіруі тек қазақтар үшін ғана емес, Россия үшін де өте ауыр жағдай туғызды. Жоңғарлар Россияның Сібірдегі территориясына қауіп төндіріп Орта Азиядағы мүдделеріне кедергі келтірді. Орыс үкіметі өз мемлекетінің оңтүстік шығыс шекарасын қауіпсіздендіруге ұмтылды. Осыған байланысты патша үкіметі қонтайшы ордасына елші жіберді. Патша елшісі Жоңғария билеушісінен Қазақстанға шабуыл жасауды тоқтатуды талап етті.

XVIII ғасырдың 20-жылдарында орыс үкіметі мен қазақ хандарының арасында қазақтарды Россия қол астына алу жайында үсті-үстіне хаттар жазысып, елшілер жіберіліп жатты.

1726 жылы Әбілхайыр Петербургқа Қ. Көбеков бастаған елшілік жіберді. Көбеков орыс үкіметіне Кіші жүз старшиналары атынан қазақтар Россия қол астына кіруге риза екенін мәлімдеді және одан қазақтарға ежелгі ата-қонысы Жайық өзені бойында көшіп-қонуға ресми рұхсат сұрады. Бірақ Петербургта елшіліктің өкілеттігіне күмән туғандықтан, келіссөз үзіліп кеткен.

1730 жылдың сәуірінде Әбілхайыр, қазақтарды Россия қол астына алуды өтініп және жоңғарларға қарсы күрес жүргізу үшін көмек беруді сұрап әйел патша Анна Ивановнаға хат жазып, екінші рет С. Қойдағұлов, Қ. Көштаев бастаған елшілік жіберді. Кіші жүздің Россияға өз еркімен қосылуы қазақ халқының түпкі мүдделеріне сай келді. Орыс елшілерінің бірі: «Қазақ халқының бүкіл жұрты Россия халықтарымен мәңгілік тату тұруды тілейді», — деп мәлімдеді.

Әбілхайыр Россия қол астына бағыну жөніндегі мәселені, сырттан қысым жасамастан, өзі қойған еді. Рас, Әбілхайырдың да және феодалдық шонжарлардың кейбір топтарының да көздеген мақсаттары болды. Олар патша әкімшілігінің көмегімен дұшпандарының қарсыласуын тойтарып, Кіші жүз ішінде жүргізіп отырған өздерінің билігін нығайту мақсатын көздеді.

Кіші жүздің Россияға өз еркімен қосылуы 1731 жылдың 19 ақпанында Анна Ивановнаның рақымшылық грамотасымен ресми түрде бекітілді. Бұл грамотада Россия қол астына қазақтар өздерінің өтініші бойынша алынды делінген.

Әбілхайыр ханның ордасына тәжірибелі дипломат, шығыс тілдерін жақсы білетін А. Тевкелев бастаған, құрамында 60 адамы бар орыс елшілігі жіберілді. Елшілікті С. Қойдағұлов пен Қ. Көштаев бастап келген. 1731 жылғы 10 қазан айында Тевкелев Кіші жүздің Россияға адал болуына ант бергізді.

1731 жылдан Орта жүз Россияға қосыла бастады. Орта жүздің ханы Сәмеке Россия қол астына кіру жөнінде келіссөз жүргізу үшін А. Тевкелевке өзінің өкілін жіберді. Кейін Сәмеке ханмен бірге Орта жүз руларының бірқатары Россия қол астына қарайтындықтары жөнінде ант берді.

Тевкелев елшілігі келіпті деген хабар жаңғырықтың үніндей бүкіл қазақ даласына тарап, Ұлы жүз еліне дейін жетті. Сөйтіп Ұлы жүздің елшілері Әбілхайыр ханға келіп, Ұлы жүзді Россияның қол астына алу жөнінде орыс үкіметіне Әбілхайырдың өтініш жасауын сұрады. Дәл осы кезде Ұлы жүздің бірқатар сұлтандары мен билері Анна Ивановнаға өтініш хат жазып, Ұлы жүз елін Россияның қол астына алуды сұрады. 1734 жылғы 20 сәуірде Анна Ивановна осы мәселе жөніндегі грамотаға қол қойды. Грамотада: «Сіздерді де өз қол астымызға Әбілхайырды алған шарттар бойынша аламыз», — делінген. Бірақ халықтан ант алу және Қазақстанның бұл жағының түгел Россияға қосылуы кейінірек аяқталды.

Қазақстанның Россия қол астына қарауы белгілі дәрежеде қазақ халқының түпкі мүддесіне әбден сай келді. Россияның көмегімен қазақ халқы жоңғар құлдығынан құтылды. Қазақстанмен салыстырғанда әлдеқайда алдыңғы қатарлы мемлекет болған Россия қазақтардың шаруашылығы мен мәдениетінің дамуына игілікті ықпал жасады. Қазақстан Россияға қосылғаннан кейін қазақ

халқының отырықшылдыққа және егіншілікке көшуі кең өріс алды. Россиямен сауда-саттығы ұлғайды, феодалдардың өзара қырқысуы едәуір азайды.

Қазақстанның Россияға қосылуының прогрестік сипаты болғанмен ол біртіндеп Россия империясының отарына айнала бастағанын ұмытуға болмайды. Қазақтар салық төлей бастады. Патша үкіметі қазақ хандарын башқұрттар мен қалмақтар көтерілісін басу үшін пайдалануға тырысты. Ф. Энгельс: «Бір халықты екінші халыққа өшіктіре айдап салу, бір халықты екіншісін қанауға пайдалану, сөйтіп, өзінің мызғымас үстемдігін ұзарту — осы күнге дейін болып келген билеп-төстеушілердің және олардың дипломаттарының қолданып келген өнері мен әрекеті, міне, осы болды»¹, — деп көрсетті.

Бірақ патша өкіметінің мұндай ниетіне қарамастан, Россия мен Қазақстан халықтары езушілерге қарсы бірлесіп күресе беру үшін күштерін біріктірді.

XVIII ғасырдың екінші жартысында Кіші жүздің оңтүстік аудандары Хиуа мен Қоқан феодалдарының шапқыншылығына ұшырады. XVIII ғасырдың аяғында Ұлы жүздің бірқатар жері ташкенттік бектердің қол астына түсіп кетті. Шапқыншылықтардан ең алдымен еңбекші халық зардап шекті. Малды жаппай айдап әкетушілік, адамдарды тұтқынға алып, оларды құлдыққа салушылық Орта Азия феодалдары шапқыншылығының салдарынан болды.

Патша өкіметі көршілес халықтар арасында ұлт араздығын өршітудің салдарынан XVIII ғасырдың 50—60 жылдарында қалмақ және башқұрт феодалдары қазақ ауылдарына қарсы шапқыншылықты күшейтті. Орта жүз бен ұлы жүздің де сыртқы саяси жағдайы ауыр қалпында қала берді. Жоңғарияның әлсіреп қалғанына қарамастан контайшы Лама Доржи қазақ жерін тағы да шапты.

XVIII ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның Россиямен экономикалық байланысы күшейді. Россиямен сауда жасасқан қазақ көпестерінің саны Орта Азиямен сауда жүргізушілерден асып кетті. Орта Азиямен 217 мың семья сауда жасаса, ал Россиямен сауда істеген семьяның саны 300 мыңға жетті. Қазақтар тек Орынбордың өзіне ғана жыл сайын 200 мың қой жеткізіп тұрды. Саудаға шекарадағы аудандарға сауда жасау

¹ Энгельс Ф., Прогресс России в Средней Азии. Соч., т. 12, стр. 36.

правосы үшін алынатын ерекше салық — баж салығы салынбады. Орыс-қазақ шакараларында сауда жасайтын арнаулы сауда орындары құрыла бастады. Үлкен қамалдарда жәрменкелер ұйымдастырылды. Орыс үкіметі қазақтармен астық саудасын өрістетуге зор көңіл бөлді, мұның өзі екі жаққа да пайдалы және қазақтарды егіншілік кәсібіне дағдыландыруға тиісті еді. Сауданың өрістеуі Қазақстандағы жол тармақтарының ұлғаюына көмектесті. Қазақтар мал және мал шаруашылығынан өндірген шикізаттарды айырбастап, өздеріне керекті мақта мата, шұға, жібек, барқыт және металл бұйымдарын алып тұрды.

Қазақтар Орта Азиямен де сауда жасасты. Олар Хиуа, Бұхар және Ташкенттен мата, ат әбзелдерін, мылтық, оқ-дәрісін сатып алып жүрді.

Троицк, Гурьев, Семей, Петропавл (Қызылжар), Омбы, Өскемен қалалары ол кезде тек ірі сауда орталықтары ғана емес, сонымен бірге мәдени орталыққа да айналды. Шебер қолөнершілер қалаларға келіп орнықты.

Орыс үкіметі, XVIII ғасырдың 40-жылдарынан бастап Башқұрт шекарасына және одан әрі оңтүстікке қарай, Жайық өзенінің бойымен Каспий теңізіне дейін әскери бекініс сала бастады. Төменгі және Жоғарғы Жайық пен Орынбор бекіністері салынды. Бұл қамалдар біркелкі жоспармен салынды, олар әдетте өзендердің оң жақ биік жар қабағына салынып, өзендер арқылы жүзбелі көпір орнатылды. Қамалдардың айналысуы дуалдармен және терең орлармен қоршалды. Қамалдардың ішінде казармалар, дүкендер, тұрғын үйлер, шіркеу болды. Қамал қабырғаларының 5 қақпасы мен мұнаралары болды. Қамал дуалдарының сыртында әдетте шаруашылыққа пайдаланатын қора-қопсылар мен айырбас жасайтын сауда сарайы тұратын. Қамалдарда көбінесе әскери қызмет жасайтын сауда сарайы тұратын. Қамалдарда көбінесе әскери қызмет атқаратын казактар өмір сүрді. Олар өздерін тұрмысқа қажетті нәрселермен қамтамасыз ету үшін шаруашылықпен айналысатын.

Сол кездің өзінде-ақ Россия Қазақстанның территориясы мен табиғат байлықтарын зерттеу және игеріп алу жұмыстарын жүргізе бастаған болатын.

XVIII ғасырдың 70—80-жылдары Риддердің және Зырянның пайдалы кен орындары ашылды. Мұнда мыспен қорғасын шығарылды. Эльтон, Төменгі Басқұншак

және Елек көлдерінде тұз өндіретін кәсіпшіліктер жақсартылды.

Орыстың жаңа қоныстарын салу, жолдар салу, сауда мен өнеркәсіптің өркендеуі, жаңа орыс сөздері мен ұғымдары қазақ пен орыстың еңбекші халықтарының өзара байланысын нығайтты, екі елдің әлеуметтік-экономика және мәдениет жағынан жақындасуына көмектесті.

XVIII ғасырдың екінші жартысында қазақтар батыста Жайықтан бастап, шығыста — Ертіс өзеніне дейінгі аймақта қоныстады. Қазақ қоныстарының солтүстік шекарасы Орынбордан басталып, әскери бекіністер бойымен Орскіге тірелді. Оңтүстік шекарасы Арал мен Каспий теңіздеріне дейін жетті.

Қазақстанның Россияға қосылуы нәтижесінде қазақ халқы патша өкіметінің отарлық езгісіне түсті.

Патша өкіметінің Қазақстандағы саясаты белгілі отаршылдық мақсатты көздеді. Патшаның заңдары әрқашан үстем таптың ғана мүддесін қорғады. Мысалы, патша 1742 және 1756 жылдары шығарған жарлығында Кіші жүз бен Орта жүз еліне Жайық пен Ертіс арқылы Есіл мен Тобылдың төменгі бойына, Каспий теңізінің жағасына мал айдап апаруға тыйым салды. Осы указдарды іске асыру мақсатымен сол ауданда әскери бекіністер салынды. Өзен жағаларында тыйым салынған он шақырымдық белдеу белгіленді.

Орталық әкімшілік зорлық-зомбылығы мен феодалдық езгі қазақ шаруаларының жағдайын шексіз нашарлатып жіберді. Қазақ ауылдарындағы таптық күрес онан сайын шиеленісіп, XVIII ғасырдың аяғындағы ірі-ірі көтерілістерге ұласты. 1773—1775 жылдары Емельян Пугачев бастаған шаруалар соғысына Кіші жүз бен Орта жүз қазақтарының қатысуы сол кездегі Қазақстан өмірінде көрнекті оқиға болды.

Қазақстанда көтеріліс Пугачевтің таратқан үндеулерінің ықпалымен басталды. Пугачев өзінің үндеулерінде қазақтарға жер мен су, орман мен тоғай, қару-жарақ пен қорғасын, киім-кешек беруге уәде етті. Көтеріліс басталмай тұрып, 1773 жылғы жазда Пугачевтің өзі Кіші жүз қоныстарында болып, қазақтардың жағдайымен танысты. Пугачев Жайық қазақтарын көтеріліске шығармай тұрып қазақтардың өзіне көмектесетініне көзін жеткізгісі келді. Көтеріліс басталмай тұрып өз жоспары ашылып қалмасын деп сақтанып, Пугачев қазақ ауылдарын жасырын аралады. Бірақ желтоқсан айында, қасында 400 адамы бар, үлкен отряд ертіп,

Пугачев Кіші жүзге қайтадан келді. Отрядта орыс, чуваш, башқұрт, татар, қалмақтар т. б. болды. Отрядының осындай әр түрлі халықтардың өкілдері қатысқан құрамынан Пугачев өз әскерлерінің көп ұлтты екенін қазақтарға айқын көрсетпекші болған еді.

Пугачевтің үндеуін қостаған мыңдаған қазақ жігіттері көтеріліске қатысты. Қазақтардың Е. И. Пугачев бастаған шаруалар соғысына қатысуының басты себебі оларға патша үкіметінің Еділ мен Жайық бойын еркін жайлауға тиым салуы мен Каспий теңізінің жағалауындағы жерлерді орыс алпауыттарының пайдалануына беруі болды. Сондай-ақ Пугачевтің қазақтарға арналған манифесінің насихаттық маңызы да біршама тиімді роль атқарды. Онда Е. И. Пугачев қазақтарға: «Күлтелемей адалынан жер, су, жемшөп, мылтық, азық-түлік, өзендер, тұз бен астық, қорғасын беремін. Бастан-аяқ киіндіремін. Менің адал қызметкерлерім мен әскерлеріме былай деп жариялансын: маған ден қойғандарының барлығы еріктісі болсын, еріксізі болсын ерік алады, әскерлеріміз маған қарсы шықпасын, ешкімге жәбірлетпеймін, олар да ұлы билеуші маған осындай ыждаһатымен қызмет көрсетсін»¹, — деп үндеу тастады. Қазақтар мылтық, қылыш, жебелі садақ, найза, шоқпарымен жақсы қаруланған болатын. Қазақ сарбаздары былғары дулыға мен сауыт киді. Қазақ отрядтарының бір тобы Пугачев армиясының атты әскер полктеріне қосылды. Атаман Андрей Овчинников басқарған Жайық қазақтарының полкінде де қазақ отрядының бірі болғаны мәлім. Сондай-ақ ұлт құрамы жағынан аралас (мысалы қазақ-қалмақ) отрядтар да болған.

Қазақ отрядтары тек ұсақ бекіністерді қоршауға ғана емес, сондай-ақ Орынбор, Жайық, Гурьев, Орск, Саратов, Пенза сияқты жақсы бекінген ірі әскери қамалдарды қоршап, оларға шабуыл жасауға да қатысты. Жауынгер-қазақтар патша әскерлерімен болған көп күндік табан тірескен ұрыстарда жиі-жиі жеңіске жеткен. Әдетте қазақтар ұрыста жауға бүкіл тобымен лап қойып, немесе жауды бір бүйірден айналып өтіп, жақсы маневр жасап, ер жүректілікпен шайқасқан. Олар шегінген кезде де далаға тез ыдырай тарасып, жауға жаңадан соққы беру үшін алыстап барып қайтадан жиналатын кейбір тапқырлық әдісті қолданған. Шабуылға

¹ Пугачевщина. Из архива Пугачева. т. I. М.—Л., 1926, стр. 26—27.

шығар алдында қазақтар әдетте барлау жүргізген. Ал жорыққа аттанғанда тұтқиылдан тап беру үшін жасырынып білдірмей келетін болған. Қамалдарға тікелей шабуыл жасаған кезде ең алдымен бекіністің ішіндегі ағаш құрылыстарды өртеуге тырысқан, мұның үшін садақ жебесінің ұшына қайыңның қабығын түйреп, оған от қойып атқан. Сонан соң қамалдың қоршауы мен қабырғаларын шабуылдаған. Оларды тіпті артиллерия да тоқтата алмапты, өйткені тікелей шабуыл жасағандар зеңбірек оғы мен бомбыларды сулаған киізбен сөндіре білген.

Мысалы, Орынбор түбінде және оның маңындағы аудандарда бірнеше мың қазақтар осылай қимыл жасаған. Олар қамалды қоршауға қатысып қана қойған жоқ, сонымен қатар Пугачев армиясын азық-түлікпен, ат жемдерімен жабдықтап отырған, жолдарды бақылауға алып, қалаға кіре берісте, Самар аралығы мен Татишев қамалының түбінде патша әскерлерімен соғысқан.

Қазақ отрядтарының бір бөлігін Пугачев төменгі Жайықтың алдыңғы бекіністеріне жіберген. Мұнда олар Пугачевтің серіктері — атаман Толкачев пен татар Таңғаев бастаған отрядтарға қосылып кеткен. Бұл отрядтар Кулагин қамалын басып алды.

Пугачев өзінің армиясымен Башқұртстанға кеткеннен соң, қазақ отрядтарының бір бөлігі Жайық өңірлерінде қалды, ал басқалары көтерілісшілердің армиясымен бірге Орта және төменгі Волга бойына кетті. 1774 жылғы тамызда Пугачев армиясы Царицын түбінде жеңіліске ұшырағаннан кейін қазақ отрядтарының бірқатары далаға бытырап кетті, ал қалғандары Пугачевтің соңынан еріп, Волга бойының төменгі жағынан қайыққа мініп және малтып өтіп Жайық өңірлеріне кетті.

Қазақстандағы көтеріліс өрши берді. Оның жалыны Пугачев өлтірілгеннен кейін де қазақ далаларында екі жыл бойы лаулап тұрды. Шаруалардың жергілікті феодалдарға қарсы бас көтеруі жиілей түсті. Әсіресе, Батыс Қазақстандағы көтерілісшілердің қимылдары күшті болды.

Байбақты, Табын, Тама руларынан құралған отрядтар ұрыс қимылдарын белсене жүргізді. Отрядтардың бір бөлігін ағалы-інілі Жанболат пен Тоқболат Айбасовтар сияқты қарапайым халықтың қатарынан шыққан адамдар басқарды. Қазақ отрядтары Каспий теңізінен бастап Волга өзені мен Урал тауларына дейінгі өте кең аймақта қимыл жасады. Патша үкіметі көтерілісшілерге қар-

сы жазалаушы отрядтар жіберді. Қазақ халқы оларға ерлікпен қарсылық көрсетті. Еркектермен бірге әйелдер де шайқасты. Бірақ күш тең болмай шықты да, көтерілісшілер талқандалды.

Патша өкіметі өте қатал жазалар қолданып, көтерілісті уақытша ғана баса алды. Бірақ 1775 жылғы қыркүйектен бастап көтеріліс қайтадан өршіді.

1773—1775 жылдардағы шаруалар соғысы кезеңінде Россия халықтарының арасындағы достық байланысы нығайып, олар қоян-қолтықтаса отырып, патша езгісі мен жергілікті феодалдардың қысымына қарсы шықты. Пугачев көтерілісі және оған қазақтардың қатысуы қазақ пен орыс халықтарының бір-бірімен жақындасуының маңыздылығын тағы да айқын көрсетті. Тарихи деректер қазақтардың 1812 жылғы Отан соғысына да қатысуы туралы баяндайды.

1812 жылы Россияға француз императоры Наполеонның қаптаған қалың тобыры баса-көктеп кіріп, Россия халықтарын құлдыққа түсіруді, ал содан кейін бүкіл дүние жүзін жаулап алуды көздеді. Россиядағы соғыс өзіне қарсы бүкіл халықтық сипат алады деп Наполеон, әрине, ойлаған жоқ. Отан соғысына қатысқан жазушы, журналист С. Н. Глинка: «Тек Россияның ұлдары ғана емес, солармен бірге тілі, әдет-ғұрпы, діні, тұрмыс салты мүлде басқа халықтар да, тіпті көшпелі халықтар да байырғы россиялықтармен бірдей орыс жері үшін жан қиюдан тайынбады» деп ақиқатын айтты. Бұл соғысқа Кіші жүздің қазақ жігіттері де қатысқан. Олар Тевтяр және Башқұрт полктерінің құрамында француз басқыншыларына қарсы шайқасты. Қазақ жігіті Нарынбай Жанжігітов бірінші Тевтяр полкіне алынған еді. Ол осы полк жауынгерлерімен бірге Парижді алуға қатысты. Ұрыстарда көрсеткен қаһармандығы мен ер жүректілігі үшін Жанжігітов орденмен және екі медальмен наградталған. Бертін келе ол отставкаға шыққан.

Башқұрт полкіне қатысушылардың қатарына қазақ жігіті Әмен Байбатыров Лейпциг пен Глогауға шабуыл жасаған кезде асқан ерлік көрсеткен. Кейін ол күміс медальмен наградталған. Соғыс аяқталғаннан кейін Байбатыров Орынбор маңындағы өз ауылына қайтып оралады. Ол талантты ақын болған, өзінің өлеңдерінде орыс солдаттары мен қазақ жігіттерінің жауынгерлік ерліктерін мадақтайды. Байбатыров саяси іспен жер аударылып келген петрашевшіл — ақын А. Н. Плещевпен дос болған.